**Ипотекалық қарыз алу үшін азаматтардың зейнетақы жинақтарын пайдалану тетігі бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 11 сәуірдегі N 86-ө Өкімі

1. Ипотекалық қарыздарды дамытуда Сингапур Республикасының тәжірибесін қолдану мүмкіндігін зерделеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Ерғожин Дәулет Еділұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекші |
| Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрайымының орынбасары, жетекшінің орынбасары |
| Кадюков Николай Викторович | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары |
| Жұмағали Шалқар Болатұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті кредит беру басқармасының бастығы, хатшы |
| Хайдаров Жеңіс Хайдарұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары |
| Тоқсейітова Гүлнәр Мүсілімқызы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру департаменті директорының міндетін атқарушы |
| Қалыбеков Бекжан Жантөреұлы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Инвестициялық саясат және жоспарлау департаменті инвестициялық саясат басқармасының бастығы |

Тәшметов Мирлан Жаппарбекұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Бағалы қағаздар нарығы субъектілері мен жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті пруденциялық реттеу басқармасының бастығы

Әлимұхамбетов Нұржан Ержанұлы - "Қазақстанның Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының басқармасы төрағасының орынбасары

Исенова Динара Олжабайқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаментінің өнеркәсіп, құрылыс, көлік және коммуникация басқармасы өнеркәсіп және құрылыс бөлімінің бастығы

2. Жұмыс тобы 2007 жылғы 25 мамырға дейінгі мерзімде ипотекалық қарыз алу үшін азаматтардың зейнетақы жинақтарын пайдалану тетігі бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Н.А. Коржоваға жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК